



www.mmg.kz

Мұнайлы АЛЖЕ



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

mmgpress mangistaumunaigaz_jsc

№11 (157), желтоқсан, 2022 жыл

«ҮЗДІК ӨНЕРКӘСІПТІК МАМАН-2022» ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

6 желтоқтан күні, «Достық үйінде» «Азаматтық бастамаларды қолдау» орталығы, «Риза-Ана» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен мұнайшы жастар арасында «Үздік Өнеркәсіптік Маман-2022» байқауының ақтық кезеңі өтті. Жұмысшы жастар арасында үздік өнеркәсіп иелерін анықтау, үздік қызметкерлерді көтермелеу мақсатында өткізілген шарада «Қаражанбасмұнай», «Өзенмұнайгаз», «Маңғыстаумұнайгаз» компанияларынан 21 үміткер бақ сынаған еді.

Аталған сайыста біздің қос бірдей әріптесіміз «Жетібаймұнайгаз» ӨБ №3 мұнай және газ өндіру цехының операторы Азат Темірәлиев және «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау-

жөндеу цехының дәнекерлеушісі Айболат Сейітов үздік үміткерлер қатарынан көрінді. 3 номинация бойынша сынға түскен әріптестеріміз компания намысы үшін тырысып бақты.



Сонымен кәсіби дода қорытындысы бойынша Азат Темірәлиев жүлделі екінші орынды еншілесе, Айболат Сейітов ынталандыру сыйлығын алды. Сондай-ақ, әріптестеріміз Қасым Сүлейменов, Елдос Ораз, Ерлан Әлбаев,

Асқар Дүйсенбаев, Аманқос Қалжановқа аталған сайыста көрсеткен жоғары жетістіктері үшін Алғыс хаттар табысталды. Ал, жеңімпаздар ақшалай сертификаттар мен дипломдарға ие болды.



Компания тынысы

КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУДІҢ БЕРЕРІ КӨП



20 қарашада «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Дәулетжан Хасанов «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы цехтарының шеберлерімен кездесті.

Кездесуде компания басшысы қатысушыларға осы жылдың өндірістік және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері туралы айтып, шеберлерді ашық диалогқа шақырды. Мұндай коммуникациялар мәселелерді бірлесіп анықтауға әрі шешуге, болашақта кәсіпорынның мақсаттары мен міндеттерін белгілеуге көмектесінін атап өтті.

Қаламқас шеберлерін алаңдататын сұрақтардың басым бөлігі әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар, жаңа технологияларды енгізу, сапалы материалдарды сатып алуға қатысты. Кездесуде осы мәселелер ашықталды.

Д.Хасанов қазіргі уақытта кенорындарындағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту бойынша бес жылдық жоспар әзірленіп жатқанына тоқталды. Аталған жоспар аясында мұнайшылардың тұрмыстық үй-

жайларын салу және жөндеу көзделеді.

Еске салсақ, 18 қарашада «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасының шеберлерімен дәл осындай кездесу ұйымдастырылды.

Кездесу соңында Дәулетжан Хасанов шеберлермен түйткілді мәселелерді тікелей талқылауға және кері байланыс алуға мүмкіндік беретін осындай қарым-қатынас форматының маңызды екенін айтып, болашақта кенорын қызметкерлерімен кездесулер жалғасатынын айтты.



ҚАУІПСІЗДІК КҮЗЕТІНДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Көлік департаментінің қызметкерлері, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаменті қызметкерлері «Сапарларды басқару» пилоттық жобасымен танысу бойынша көшпелі іс-шараға қатысты. Аталған іс-шара Атырау қаласындағы «Ембімұнайгаз» АҚ базасында өтті.



«Сапарларды басқару» жобасы шеңберінде «Ембімұнайгаз» АҚ GPS терминалдарынан геолокация, жылдамдық, күрт жеделдету және тежеу, қауіпсіздік белдігін пайдалану, күндізгі жүріс шамдарын қосу және т.б. көрсеткіштер бойынша деректер жинау арқылы Көлік құралдарын мониторингтеудің автоматтандырылған жүйесі енгізілді. Жобаның негізгі мақсаты автокөлік құралдарының мониторингімен бақылауының бірыңғай орталықтандырылған сервисін құру арқылы қауіпсіз жүргізу мәдениетін құру және көлік қауіпсіздігі деңгейін арттыру болып табылады.

Іс-шара барысында кездесуге қатысушылар «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ҚР Құрметті мұнайшысы Салтанат Балғымбаевтың құрметіне аталған кен орнында болып,

мұнайшы әріптестерімен кездесіп, «Сапарларды басқару» жобасының жұмыс барысымен іс жүзінде танысты.

Келесі күні «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде осы жоба бойынша пікірталас кеңесі өтті, оның барысында іс-шараны ұйымдастырушылар мен қонақтар өз

әсерлерімен және тәжірибелерімен бөлісті.

- Жалпы кездесу жоғары деңгейде өтті, іс-шараны ұйымдастырғаны үшін «Ембімұнайгаз» АҚ және «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ әріптестерімізге алғыс айтқым келеді, біз көптеген қызықты және пайдалы мәселелерді біліп, тәжірибе және біліммен алмасып үлгердік, - дейді қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаментінің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы инженері Бақытжан Нұранов. - Өндірісте қауіпсіз еңбек жағдайларын қалыптастыру біздің басты басымдықтарымыздың бірі және алдағы уақытта да солай болып қала береді.

Спорт

ЖЫЛ КОМАНДАСЫНА ҚҰРМЕТ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Дәулетжан Хасанов компанияның намысын қорғап, халықаралық және отандық аренада тамаша нәтижелерге қол жеткізген мини-футболдан ардагерлер командасымен кездесті.

- Команда биылғы жылы Қазақстан чемпионаты атанып, компания абыройын асқақтатты, - деп атап өтті Дәулетжан Хасанов кездесу барысында. - Бұл - үлкен жетістік және салауатты өмір салтын насихаттауға, спортты дамытуға қосқан

зор үлес, әрине, мұндай жеңістер компанияның имиджін арттыруға ықпал етеді. Ала доп шеберлеріне шын жүректен алғыс айта отырып, келер жылы да жеңіс жолын жалғастырады деп үміттенемін, - деді компания басшысы.

Компания басшылығы команда ойыншыларына бағалы сыйлықтар табыстап, футбол турнирлерінде жаңа жеңістер тіледі.

Өз кезегінде өндірістік департамент директоры Айдос Түйебаев басшылыққа жылы қабылдағаны үшін өз ризашылығын білдірдіп, компания мұражайына чемпиондық кубоктарын сыйға тартты.



Естеріңізге салсақ, биыл «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ құрамасы бірнеше беделді турнирлерде жеңіске жетті: маусым айында біздің екі команда да (45+ ардагерлері және 50+ ардагерлері) Ресей Федерациясының Ульяновск қаласында «SIMBIRSK CUP» шағын футболдан өткен халықаралық турнирінде бірінші орынға ие болды. Тамыз айында шағын футболдан Қазақстан Футбол Федерациясының ұйымдастыруымен өткен Қазақстан Республикасы чемпионатында жеңіске жетсе, көп ұзамай (40-45+) еліміздің астанасында өткен Футзалдан Қазақстан Республикасының чемпионатында жеңіс тұғырынан көрінді.



Компания тынысы

ЖАҢА ТУЫНДЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Жуырда мұнай-газ саласының ардагері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұнайшысы Жақсылық Жанғазиев туралы кітаптың тұсаукесері өтті. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас кеңсесінде өткен тұсаукесер рәсіміне Ақтау қаласындағы "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ өкілдігінің Әлеуметтік-ақпараттық саясат және сүйемелдеу департаментінің директоры Аманғали Нұрдаулетов, Ж.Жанғазиевтің ұлы, қызметтес болған, өңір әлеуетін көтеруде үзегілес жүрген замандастары, ардагер мұнайшылар қатысты.



Салтанатты жиында Аманғали Нұрдаулетов туындының бүгінгі ұрпақ үшін маңыздылығын айтып, жұртшылықты жаңа еңбектің жарық көруімен құттықтады.

– Жақсылық Смағұлұлы - еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуына сіңірген зор еңбегі үшін мемлекет тарапынан лайықты бағасын алған үлгі тұтар тұлға. Қазақта «Мың қосшыға бір басшы» деген аталы сөз бар. Жақсылық ағамыздың қиын кездерде, мұнайшылардың ұзақ жылдардан бері сұрыпталған, кәсіби мұнайшылар ұжымын шашыратпай сақтап қалуы, өндірістің негізгі күші - қарапайым халықпен тіл табысып жұмыс жасауын, бүкіл Жаңаөзен қаласының әлеуметтік мәселелерін шешу жолындағы азамат ретіндегі қажырлы еңбегін баса айтуымыз керек. Жақсылық Жанғазиев туралы кітап әрбіріміз үшін, ұрпақ үшін тәлім-тәрбиесі, тарихи маңызы зор еңбек, - деді Аманғали Нұрдаулетов

Тұсаукесер рәсіміне аталмыш еңбектің жарық көруіне ұйытқы болған, кітап авторлары қатысып, өзінің жүрекжарды тілегін арнап, майталман мұнайшы жайында жылы естеліктерін бөлісті.



– Жақсылық Жанғазиев мұнай өндірісінің білікті, білімді маманы болды. Маңғыстау өңірінде орналасқан көптеген кенорындарында ізі қалды. Өз жұмысына аса үлкен жауапкершілікпен қарайтын, талап қоя білетін, ұйымдастырушылық білім-біліктілігі мол азамат. Жақсылық Жанғазиевке арналған кітап өте жақсы, дер кезінде шыққан еңбек екен. Кітапта естеліктерін бөліскен замандастары оның өте адал жан екенін, елдің азаматы

болғанын жақсы жеткізген. Кітаптың ғұмыры ұзақ болсын, – дейді замандасы Есен Күмісқали.

Ардагер мұнайшының өмірі мен еңбектегі ерен жолы арқау болған кітап 500 дана тиражбен жарияланды. Белгілі журналист Лебен Сәдуақасұлы, Киікбай Медеуов қаламынан туған жинақта Ж.Жанғазиевтің қызметі, түбегті түлету жолындағы жанкештілігі жан-жақты баяндалған.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙҒА ДАЙЫНБЫЗ БА?

Әне-міне дегенше қылышын сүйретіп қыс та келді. «Жаман айтпай жақсы жоқ» демекші, мінезі ауыр бұл маусымды қалыпты өткеріп, болуы ықтимал төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюмен күрес жыл сайын күн тәртібінен түспей келеді. Міне, осы мәселе бойынша Жетібай ауылында төтенше жағдайлардың алдын алу, оларды жою және азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесін одан әрі жетілдіру, сондай-ақ қысқы кезеңдегі төтенше жағдайларға басқару органдарын, азаматтық қорғаудың күштері мен құралдарын дайындау мақсатында «Қыс – 2022» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы өткізілді.



Аталған оқу-жаттығуға аудан әкімінің орынбасары С.Төретаев қатысып, аудан деңгейінде төтенше жағдай орын алған кезде оны жоюға жұмылдырылатын азаматтық қорғау қызметтері мен құрылымдардың әзірлігін тексерді. Алдымен Жетібай ауылындағы көп қабатты үйді су басу қаупі төнген жағдайда адамдарды құтқару, бөгет қою секілді жауапты міндеттерді пысықтап, тұрғындарға төтенше жағдай кезінде атқаратын тиісті жұмыстардың ретін көрсетті.

«Жетібаймұнайгаз» ӨБ Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай маманы Арман Мақашевтың айтуынша оқу-жаттығуға ауыр техникалар жұмылдырылып, аталған іс-шараға қатысқан мекемелердің жұмысына оң баға берілді.



«Қыс-2022» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығудың соңында аудан әкімінің орынбасары барлық құрылымдардың өкілдерін қыс мезгілі келе жатқандықтан, қай уақытта болмасын әзір болу қажет екенін айтып, азаматтық қорғау қызметі мен құрылымдардың жұмысына сәттілік тіледі.

«АРМАНЫҢДЫ МАҚСАТҚА АЙНАЛДЫР»



Кәсіби бизнес-тренер, Маңғыстау облысының іскер әйелдер кеңесінің мүшесі Шолпан Түсіпбекова дәріс беріп, отбасылық бюджетті қалай дұрыс басқару керек,

«Риза Ана» қайырымдылық қорының ұйымдастыруымен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлеріне арналған «Арманыңды мақсатқа айналдыр» атты тренинг өтті.

кірістер мен шығыстардың есебін сауатты жүргізу және энергияны ысырап етпеу үшін қандай нәрселерге көбірек көңіл аудару керек деген сауалдарға жауап берді.

– Бүгінгі кездесудің мақсаты - арманды мақсатқа, қаржылық тәртіпке айналдыру. Әр адамның дерлік арманы бар, бірақ бәрі бірдей оны жүзеге асыра алмайды, осы орайда менің мақсатым - адамдарға өздерінің ішкі әлеуетін ашуға, өз мақсаттарын табуға жол көрсету, – дейді Шолпан

Түсіпбекова.

Білікті маман тренингте қаржылық тәртіптің көптеген аспектілерін жеке өмірінен мысалдар келтіре отырып түсіндіріп, қателіктерден аулақ болудың жолдарын баяндады.

– Маған тренинг өте қатты ұнады, өзім үшін көптеген жаңа және пайдалы нәрселерді білдім. Шолпан Түсіпбековаға қызықты, танымдық тренинг үшін алғыс айтқым келеді, – дейді "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ кадр маманы Жанна Исмуханбетова.

ҰЙЫМДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛАР

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ және «Жетібаймұнайгаз» ӨБ кәсіподақ комитетінің басшылары, сондай-ақ қоғамның цехкомдары, «Қаламқасмұнайгаз» және «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармаларының бастықтары, компания ішіндегі стратегиялық коммуникациялар және тиімді өндірістік қатынастар бойынша оқыту іс-шарасына қатысты.

Оқу курсы Зеренді ауылында өтті. Біздің әріптестерімізден басқа, оған "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ және "Қаражан-басмұнай" компаниясының өкілдері қатысты.

Іс-шараға қатысушылар стратегиялық коммуникациялардың теориялық негіздерін талқылады, практикалық сабақтар барысында стратегиялық мақсаттарды айқындау, коммуникациялық науқандар мен іс-шараларды жоспарлау, дайындау және іске асыру тәсілдері туралы білді.

– Оқыту жоғары деңгейде өтті, курс барысында біз спикерлер мен әріптестерден



көптеген жаңа нәрселерді білдік, сондай - ақ өз тәжірибелеріміз бен білімдерімізбен бөлістік, мұндай іс-шаралар алдағы уақытта да өткізіледі деп үміттенеміз, - деп атап өтті "Жетібаймұнайгаз" ӨБ кәсіподақ комитетінің төрағасы Бекес Құлмұрынов.

«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ ЖӘНЕ СЕРВИСТІК КОМПАНИЯҒА ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУҒА ҚАТЫСТЫ АҚПАРАТ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) және оның мердігер мекемелері аймақта жұмыссыздық деңгейін төмендету мақсатында, бос тұрған орындарға 422 адамды жұмысқа қабылдады, олардың 233 тікелей Қоғамға орналастырылды.

Қоғамға жұмысқа қабылдау үшін іріктеу рәсімі осы мақсатта құрылған Қоғамның тұрақты комиссиясы (бұдан әрі – ТК) бекіткен тәртіп бойынша жүзеге асырылды.

Қоғамға жұмысқа қабылдау үшін 223 үміткер Yessenov University жоғарғы оқу орнында компаниядағы іскерлік этика және корпоративтік мәдениет, қаржылық сауаттылық, икемді құзыреттілік, құқықтық сауаттылық, мұнайгаз ісінің негіздері, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қауіпті өндіріс нысандарындағы өнеркәсіптік қауіпсіздік және өрт-техникалық минимумы тақырыптары бойынша оқу курстарын өткізді. 10 электргазбен дәнекерлеуші жұмысқа конкурстық іріктеу

арқылы қабылданды.

ТК үміткерлерді іріктеуді екі бағыт бойынша екі кезеңмен жүзеге асырды: - бірінші бағыт (Қоғамның тізімі бойынша) – үміткерлерді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы) Қоғамдық бірлестігі мен өндірістік басқармалары басшыларының («Қаламқасмұнайгаз» ӨБ және «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ цехтарының хаттамаларына сәйкес) өтініштері бойынша Қоғаммен еңбек қатынасында жүріп, кенеттен қайтыс болған бұрынғы қызметкерлерінің отбасылары мүшелері қатарынан іріктеу;

- екінші бағыт (аудан әкімдіктерінің тізімдері бойынша) – үміткерлерді Қоғамның шартты аймақтары, тиісінше Жетібай мен Қаламқас кен орындары орналасқан Қарақия және Маңғыстау аудандарының жұмыссыз тұрғындары қатарынан іріктеу; үміткерлердің тізімдері Қоғамның ТК және әкімдіктер мен

осы аудандардың тұрғындарды жұмыспен қамту орталықтарына жолданды;

- бірінші кезеңде – Қоғамға 100 адам жұмысқа қабылданды, оның ішінде Қоғамның тізімі бойынша – 42 адам, Қарақия ауданы әкімдігінің тізімі бойынша – 39 адам және Маңғыстау ауданы әкімдігінің тізімі бойынша – 19 адам;

- екінші кезеңде – Қоғамға 133 адам жұмысқа қабылданды, оның ішінде Қоғамның тізімі бойынша – 42 адам, Қарақия ауданы әкімдігінің тізімі бойынша – 60 адам және Маңғыстау ауданы әкімдігінің тізімі бойынша – 31 адам.

Қоғамның мердігер және қосалқы мердігер мекемелеріне аймақтың жұмыссыз тұрғындары қатарынан 189 адам жұмысқа алғанды, оның ішінде Қарақия ауданынан – 116 адам, Маңғыстау ауданынан – 55 адам, және қалған 18 адам төмендегі мекемелерге орналастырылды:

“СтройМастер” ЖШС – 41; “Demei Ko” ЖШС – 32; “Caspian Food” ЖШС – 27; “Беликая стена” (Ақтау) ЖШС – 16; “TechnoTrading LTD” ЖШС – 13; “KMG Security” ЖШС – 7; “BVJ Group” ЖШС – 6; “ЮВСГ” ЖШС – 6; “Актаукрантехсервис” ЖШС – 6; “Каламқас Газ” ЖШС – 6; “Ойл Транспорт Корпорейшэн” ЖШС – 5; “М-Техсервис” ЖШС – 5; “АмиронОйлСервис” ЖШС – 4; “Семсер-Өрт-Сендіруші” ЖШС – 3; “Кулан и К” ЖШС – 3; “Мунил Сервис Групп” ЖШС – 3; “Атриум Актөбе” ЖШС – 2; “Самрук Казына” КУ – 1; “Трансабис” ЖШС – 1; “Orda service group” ЖШС – 1; “StroyEnergy KZ” ЖШС – 1.

“Маңғыстаумұнайгаз” акционерлік қоғамына жұмысқа орналасқандардың тізімі

№ п/п	Жұмысқа орналастырылғандардың Т. А. Ә.	Бағыт	Кәсіптердің атауы
1	АБИЛШИЕВ БАҚЫТЖАН ДАУЛЕТОВИЧ	Қарақия ауд.	Мұнай және газ өндіру операторы
2	АБСАМАТОВА ГУЛЬНАР КОЙШИБАЕВНА	Қарақия ауд.	Ұңғымаларды зерттеу жөніндегі операторы
3	АГЖІГТ ЕСЕНТЕМІР ЖАМБЫЛУҒЫ	Қарақия ауд.	Арамен, қолармен және станокпен кесуші
4	АЗАРОВ ДАУРЕН БУХАРОВИЧ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
5	АЙДАРБЕК ЖАСТАЛАП МАКСИМУЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
6	АЙТҚАЛИ НҰРТІЛЕК РАШИДОВИЧ	Қарақия ауд.	Жөндеуші слесарі
7	АҚМАМЕД МӘДИ ӨСКЕНДИЙУЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
8	АЛАГЗОВ БЕРИК ЛЕСКЕНОВИЧ	Қарақия ауд.	Стропалшысы
9	АЛЛАБЕРДІ БАТЫРЖАН ҚАНАТУЛЫ	Қарақия ауд.	Жөндеуші слесарі
10	АМАНГЕЛДІ САЛАМАТ РАХАТУЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай және газ өндіру операторы
11	АМАНЖОЛҒЫ ЖАЛҒАС	Қарақия ауд.	Стропалшысы
12	АМАНКУЛОВА ЖАНБІЛХАН МОЛЫБАЕВНА	Қарақия ауд.	Лаборант-микробиологі
13	АРАЛБАЕВ АБАЙ КОБЕГЕНОВИЧ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
14	АСАНОВ НҰРБОЛАТ РАХАТУЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
15	БАЗАРБАЕВ НҰРДӘУЛЕТ МЕНДІБАЙУЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
16	БАЙЖАНОВА СВЕТА АЙТБАЕВНА	Қарақия ауд.	Химиялық талдау лаборанты
17	БАЙМАҒАМБЕТ МЫҢЖАС ҚУАНҒАЛИУЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
18	БАЙМАҒАМБЕТОВ АЛМАС ДҰРДЫХАНОВИЧ	Қарақия ауд.	Технологиялық қондырғылар операторы
19	БАҚЫТ БЕКТАС БАЙМУРАТУЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
20	БАЛАБАЕВ НҰРЛЫБЕК	Қарақия ауд.	Электргазбен дәнекерлеушісі
21	БАЛМҰХАНОВ ДӘУЛЕТНИЯЗ СЫРЫМУЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
22	БАШКИРОВ АЛЕКСАНДР АЛЕКСАНДРОВИЧ	Қарақия ауд.	Газбен кесушісі
23	БЕКИБАЕВ ЖЕТЫБАЙ САУРАБАЕВИЧ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
24	БЕРДИДЖАНОВ АМАНЖОЛ САРСЕНГУЛИЕВИЧ	Қарақия ауд.	Мұнай және газ өндіру операторы
25	БИСЕМБАЕВ ЕРКЕБҰЛАН БАЙТҰРСЫНУЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай және газ өндіру операторы
26	БИСЕНОВ АЙБЕК ЕСЕНҚОЖАҒҰЛЫ	Қарақия ауд.	Технологиялық қондырғыларды жөндеу жөніндегі слесарі
27	БОЗОРБАЕВ РАМАЗАН ОМИРБАЙУЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
28	БОЛАТОВ ЕРЛАН КАЙРБАЕВИЧ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
29	ДЖАПАНОВ КЕНЖЕБЕК АБИЛГАЗЫЕВИЧ	Қарақия ауд.	Стропалшысы
30	ДЖОНОЛИЕВ ОРАК КОШШИЕВИЧ	Қарақия ауд.	Жөндеуші слесарі
31	ДУЗАНОВ АДІЛ ТАҢБАЕВИЧ	Қарақия ауд.	Мұнай және газ өндіру операторы
32	ДУЙСЕХАН ШӘМШЕТАЙ ТАЛҒАТУЛЫ	Қарақия ауд.	Қоймашы
33	ДҰЙСЕНБАЙ ЖАНБОЛАТ ЗОРБАЙУЛЫ	Қарақия ауд.	Ұңғымаларды зерттеу жөніндегі операторы
34	ЕВДЖАНОВ АЙДАР ОРАЗБЕКҰЛЫ	Қарақия ауд.	Ғимараттарды жөндеу және кешенді қызмет көрсету жөніндегі жұмысшысы
35	ЕНДИБАЕВ АҚЫЛБЕК КАРТБАЕВИЧ	Қарақия ауд.	Электргазбен дәнекерлеушісі
36	ЕРЖАНОВ САЛАМАТ ЕРЖАНУЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
37	ЕСИРКЕПОВ НҰРТІЛЕК	Қарақия ауд.	Газбен кесушісі
38	ЕШМАНОВ САЯТЖАН ШАРЫҚБАСУЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
39	ӨБДІРОВ ЖАНСЕРІК АЙТҚОЖАҒҰЛЫ	Қарақия ауд.	Стропалшысы
40	ӨМІР МЕРЕЙ РАИМБЕРДІУЛЫ	Қарақия ауд.	Технологиялық қондырғыларды жөндеу жөніндегі слесарі
41	ӨМІР МИРАС РАИМБЕРДІУЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай және газ өндіру операторы
42	ЖАБАЙ САҒЫНДЫҚ ЕЛУБАЙУЛЫ	Қарақия ауд.	Технологиялық қондырғыларды жөндеу жөніндегі слесарі
43	ЖАНАБЕРГЕН ҚУАНЫШ МҰРАТОВИЧ	Қарақия ауд.	Тоқарі
44	ЖОЛДЫБАЕВ ЖАНИБЕК ЕСБОЛОВИЧ	Қарақия ауд.	Мұнай және газ өндіру операторы
45	ЖҰМАҒАЛИУЛЫ АЙБЕК	Қарақия ауд.	Стропалшысы
46	ЖҰМАТОВ ЖАСҰЛАН СЫРЫМУЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай және газ өндіру операторы
47	ИСАТАЕВ ЕРКІН СЕРИКБАЕВИЧ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
48	ИСМЕТОВ МАЛИК БАҚТЫБАЕВИЧ	Қарақия ауд.	Мұнай және газ өндіру операторы
49	ИСМЕТУЛЛАЕВ АЗАМАТ	Қарақия ауд.	Электргазбен дәнекерлеушісі
50	ІЗТІЛЕУОВ АЗАТ ЖАЙЛАУУЛЫ	Қарақия ауд.	Жөндеуші слесарі
51	ІЗТҰРҒАН БАҒДАТ МЕРЕКЕҰЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы

52	КАЛИМКАШЕВ ЕСБОЛ ОРАЗГЕЛЬДЫЕВИЧ	Қарақия ауд.	Технологиялық қондырғыларды жөндеу жөніндегі слесарі
53	КАПАРОВ ЕРЖАН ДЖАЛГАСБАЕВИЧ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
54	КЕКИЛБАЕВ АЛИБЕК АСКЕРБАЕВИЧ	Қарақия ауд.	Мұнай және газ өндіру операторы
55	КЕЛИМБЕРДІ МҰХАНБЕТ РУМУЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
56	КЕНЖЕБАЕВ БАҚЫТЖАН ИДРЕЙСОВИЧ	Қарақия ауд.	Мұнай және газ өндіру операторы
57	КОЙШЫБАЕВ АЗАМАТ АЗАНБАЕВИЧ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
58	КОКБАЕВ СЕРИК ЕМБЕРГЕНОВИЧ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
59	КОШТАЕВ ЖАЙЛАН ТАУБАЕВИЧ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
60	КОБЕГЕН НҰРСҰЛТАН	Қарақия ауд.	Электргазбен дәнекерлеушісі
61	КӨБЕЙСІН САРТАЙ МАҚСАТУЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
62	ҚАУЫС АСЫЛБЕК БЕРІКҰЛЫ	Қарақия ауд.	Газбен кесушісі
63	ҚОСАНОВ АДІЛЖАН	Қарақия ауд.	Электргазбен дәнекерлеушісі
64	ҚУАНЫШБЕК ӘДІЛБЕК НАУРЫЗБЕКҰЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
65	МАЙЛЫБАЕВА РАМИЛА ЖАКСЫЛЫКОВНА	Қарақия ауд.	Қоймашы
66	МАХАМБЕТОВ ТАРАС КЕЛДИБАЕВИЧ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
67	МЕНДІҒҰЛ БЕРЕКЕТ МҰРАТБАЙУЛЫ	Қарақия ауд.	Технологиялық қондырғылар операторы
68	МЕНДІХАН НҰРСҰЛТАН БАТЫХАНҰЛЫ	Қарақия ауд.	Технологиялық қондырғыларды жөндеу жөніндегі слесарі
69	НАБИЕВ АДІЛ МИРНИЕВИЧ	Қарақия ауд.	Ағаш ұстасы
70	НУРМАҒАНБЕТОВ ЖУМАБЕК БИСЕНГАЛИЕВИЧ	Қарақия ауд.	Мұнай және газ өндіру операторы
71	НҰРАН ӨЛШЕР АБЗАЛУЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
72	НҰРҒАЗИЕВ КЕМАЛ САТЫБАЛДЫҒҰЛЫ	Қарақия ауд.	Қоймашы
73	НҰРКЕЛДІҰЛЫ ЖАҚСЫЛЫҚ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
74	НҰРЛЫБАЙ АМАЛБЕК	Қарақия ауд.	Электргазбен дәнекерлеушісі
75	ОЛЖАБАЙ ЖАРЫЛҒАП АМАНТАЙУЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
76	ОҢҒАРБАЕВ ЖАНБОЛАТ СӘДІРБАЙУЛЫ	Қарақия ауд.	Тауар операторы
77	ӨТЕБАЙ ҒАЗРЕТ АБДУЛЛАУЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
78	ӨТЕЕВ ЖАНПЕИС САРСЕНБАЙУЛЫ	Қарақия ауд.	Газбен кесушісі
79	ӨТЕТЛЕУОВ БЕКЕТ ДӘУЛБАЙУЛЫ	Қарақия ауд.	Қоймашы
80	САБРДЕНОВ АЗАМАТ	Қарақия ауд.	Электргазбен дәнекерлеушісі
81	САЛАХЫШ АЙБЕК ЖАНБҰЛАТУЛЫ	Қарақия ауд.	Жөндеуші слесарі
82	СҮЙЕСИНОВ ЖОЛДЫБАЙ ДҮЙСЕНБАЕВИЧ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
83	СҮЙІНҒАЛИ АЗАМАТ ОРДАҒАНҰЛЫ	Қарақия ауд.	Жөндеуші слесарі
84	СҮЛЕЙМЕН БЕКБОЛ СҮЛЕЙМЕНУЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
85	ТАУАСАРОВ ДУЛАТ ҚУАНҒАЛИУЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
86	ТӨНІРБЕРГЕН АРЫСТАН АМАҚОСҰЛЫ	Қарақия ауд.	Жөндеуші слесарі
87	ТӨЛЕСІН АҚЫЛБЕК ҚУМЕҚҰЛЫ	Қарақия ауд.	Жөндеуші слесарі
88	ТҮЛЕНДЕИЕВ РУСЛАН АБАЕВИЧ	Қарақия ауд.	Газбен кесушісі
89	ТҮСҰЛБАЙ НҰРЫМ	Қарақия ауд.	Электргазбен дәнекерлеушісі
90	ТҰЯҚОВ МЕРЕКЕ ДОҚТЫРБАЙУЛЫ	Қарақия ауд.	Ғимараттарды жөндеу және кешенді қызмет көрсету жөніндегі жұмысшысы
91	УЗБЕКБАЕВ ОСПАНБЕК АБДЫРАХМАНОВИЧ	Қарақия ауд.	Жөндеуші слесарі
92	ҮЙСІМБАЙ НҰРАСЫЛ МЕНДІБАЙУЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
93	ҮМБЕТ БОТАХАН ЕРБОЛАТУЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай және газ өндіру операторы
94	ХАСАН НҰРАСЫЛ ХАСАНҰЛЫ	Қарақия ауд.	Мұнай тазалаушысы
95	ШАМИЕВ САЛАМАТ НУРУМОВИЧ	Қарақия ауд.	Мұнай және газ өндіру операторы
96	ШАМЫЕВ ИСАБАЙ КАЛМУРАТОВИЧ	Қарақия ауд.	Мұнай және газ өндіру операторы
97	ШАТТЫБАЙ ГАБИДОЛЛА	Қарақия ауд.	Электргазбен дәнекерлеушісі
98	ШОРАХАНОВ РАХАТ СЛАМОВИЧ	Қарақия ауд.	Мұнай және газ өндіру операторы
99	ШЫЛЫМОВ АМАНДЫҚ КУБИРОВИЧ	Қарақия ауд.	Тоқарі
100	АБАБЕКОВ ДАУРЕН ЖУМАБЕКОВИЧ	Маңғыстау ауд.	Мұнай тазалаушысы
101	АБДОЛЛА ТАЛҒАТ МЕРГЕНБАЙУЛЫ	Маңғыстау ауд.	Ғимараттарды жөндеу және кешенді қызмет көрсету жөніндегі жұмысшысы
102	АДИЛОВ АЗИЗБЕК ТАЛАСБАЕВИЧ	Маңғыстау ауд.	Газбен кесушісі
103	АМАЛБАЕВ ҒАНИБЕК НҰРЛЫБЕКҰЛЫ	Маңғыстау ауд.	Тауар операторы

№ п/п	Жұмысқа орналастырылғандардың Т. А. Ә.	Бағыт	Кәсіптердің атауы
104	АТАБАЕВ МАҚСАТ НҰРЛЫБЕКОВИЧ	Маңғыстау ауд.	Стропалшысы
105	БАҚТЫГЕЛДИЕВ САЙРАН ЕРДАЛИЕВИЧ	Маңғыстау ауд.	Технологиялық қондырғыларды жөндеу жөніндегі слесарі
106	БАЛАБАТЫРОВ НУРЖАН МОЛДАБАЕВИЧ	Маңғыстау ауд.	Мұнай тазалаушысы
107	БЕККОЖИН СЕРИК ОРАЗБАЕВИЧ	Маңғыстау ауд.	Электргазбен дәнекерлеушісі
108	БЕКТҰРБАЕВ ЕРБОЛ БОЛАТУЛЫ	Маңғыстау ауд.	Ғимараттарды жөндеу және кешенді қызмет көрсету жөніндегі жұмысшысы
109	БЕРДБЕКҰЛЫ ОРЛАЛ	Маңғыстау ауд.	Газбен кесушісі
110	БИГЕЛДИЕВ БЕРИК НУРЖИГОВИЧ	Маңғыстау ауд.	Мұнай тазалаушысы
111	БИМАҒАМБЕТОВ АСЫЛБЕК ДЖУМАЕВИЧ	Маңғыстау ауд.	Ғимараттарды жөндеу және кешенді қызмет көрсету жөніндегі жұмысшысы
112	БУЛЕКБАЕВ МҰРАТ НУРАХАНОВИЧ	Маңғыстау ауд.	Мұнай тазалаушысы
113	ҒАББАСОВ НҰРТАЙ ТҰРҒАЛИУЛЫ	Маңғыстау ауд.	Газбен кесушісі
114	ҒАЛЫМЖАНОВ ДӨУРЕНБЕК ҒАЛЫМЖАНҰЛЫ	Маңғыстау ауд.	Газбен кесушісі
115	ДОСКУЛОВ САГИДУЛЛА АСАНОВИЧ	Маңғыстау ауд.	Ғимараттарды жөндеу және кешенді қызмет көрсету жөніндегі жұмысшысы
116	ДЮСЕНБИЕВ САКЕН ЗАКАРИЯЕВИЧ	Маңғыстау ауд.	Жөндеуші слесарі
117	ЕРНИЯЗ АМАН МЫРЗАБАЙУЛЫ	Маңғыстау ауд.	Стюляр
118	ӘБІЛШЕ ЖАНСЕРІК ДЖАҢҒЫРБАЙУЛЫ	Маңғыстау ауд.	Газбен кесушісі
119	ӘСПЕНБЕТҰЛЫ БАУЫРЖАН	Маңғыстау ауд.	Жер қабатына жұмыс агентін айдау жөніндегі сорпап стансасының машинисі
120	ЖУМАНАЗАРОВ АЗАМАТ САБИТОВИЧ	Маңғыстау ауд.	Ғимараттарды жөндеу және кешенді қызмет көрсету жөніндегі жұмысшысы
121	КЕРЕКБАЕВ МИРАС БИСЕКЕЕВИЧ	Маңғыстау ауд.	Ғимараттарды жөндеу және кешенді қызмет көрсету жөніндегі жұмысшысы
122	КӘДІРБАЙ СЕРІКБӨЛСЫН КӘДІРБАЙУЛЫ	Маңғыстау ауд.	Мұнай тазалаушысы
123	ҚОНАРБАЕВ ҚАМБАР КАЙРБАЕВИЧ	Маңғыстау ауд.	Электргазбен дәнекерлеушісі
124	ҚОСЫШБЕКОВ МИРАС ЖУМАКУЛОВИЧ	Маңғыстау ауд.	Мұнай тазалаушысы
125	ҚУЛЖАБАЕВ ДҮЙСЕНБЕК ЕСБОЛАТОВИЧ	Маңғыстау ауд.	Стропалшысы
126	КУШИКБАЕВ ЕРАЛЫ РУСТЕМОВИЧ	Маңғыстау ауд.	Ғимараттарды жөндеу және кешенді қызмет көрсету жөніндегі жұмысшысы
127	ҚАЛИЕВ ЕРЖАН ЖАҢҒЫРБАЙУЛЫ	Маңғыстау ауд.	Мұнай тазалаушысы
128	ҚОНАРБАЕВ БЕРЕКЕТ АМАНГЕЛДІУЛЫ	Маңғыстау ауд.	Стропалшысы
129	ҚОСАЕВ АБАТ ЕДІЛҰЛЫ	Маңғыстау ауд.	Жүк тиеушісі
130	ҚОСАЕВ СӨРСЕМБАЙ ҒАБИДОЛЛАУЛЫ	Маңғыстау ауд.	Қоймашы
131	МАМАЕВ БЕКЗАТ АМАНГАЛИЕВИЧ	Маңғыстау ауд.	Газбен кесушісі
132	НАЗАРОВ КУРМЕТ ТЕМИРХАНОВИЧ	Маңғыстау ауд.	Ғимараттарды жөндеу және кешенді қызмет көрсету жөніндегі жұмысшысы
133	НАЗАРОВ ТҰЯКБАЙ ЗИНЕТУЛЛАЕВИЧ	Маңғыстау ауд.	Мұнай тазалаушысы
134	НӘБИХАНОВ АСХАТ ОРЫСБАЙУЛЫ	Маңғыстау ауд.	Ұңғымалар өнімділігін өлшеушісі
135	НУРМАҒАНБЕТОВ ДИДАР УТЕСИНОВИЧ	Маңғыстау ауд.	Технологиялық сорпаптар машинисі
136	НҰРЕДЕНОВ БЕРДІБЕК ЖӨНІБЕКҰЛЫ	Маңғыстау ауд.	Ғимараттарды жөндеу және кешенді қызмет көрсету жөніндегі жұмысшысы
137	ОРАЗАЛИЕВ НҰРЖАУ ҚЫЛЫШБЕКҰЛЫ	Маңғыстау ауд.	Стропалшысы
138	РАХМЕТ САДЫҚ РАШИДҰЛЫ	Маңғыстау ауд.	Стропалшысы
139	РАХЫМЖАНОВ НҰРӘЛИ КӨКІМЖАНҰЛЫ	Маңғыстау ауд.	Стропалшысы
140	САБИТОВ ДИДАР ҚУАНЫШОВИЧ	Маңғыстау ауд.	Ұңғымаларды зерттеу жөніндегі операторы
141	САМАЛТАЕВ ҚУАНДЫҚ АБДРАХМАНҰЛЫ	Маңғыстау ауд.	Технологиялық қондырғыларды жөндеу жөніндегі слесарі
142	САРАЙШИКОВ МЕДЕТ ИСАЕВИЧ	Маңғыстау ауд.	Мұнай тазалаушысы
143	ТЕНСЕНОВ АЗАМАТ БАУЫРЖАНҰЛЫ	Маңғыстау ауд.	Мұнай және газ өндіру операторы
144	ТӨЛЕГЕНОВ АМАНДЫҚ ЖУМАЖАНҰЛЫ	Маңғыстау ауд.	Жөндеуші слесарі
145	ТУЙЕШИЕВ ЕЛДОС ЖАКСЫЛЫКОВИЧ	Маңғыстау ауд.	Мұнай және газ өндіру операторы
146	УЗАКБАЕВ КАЗБЕК АМАНКОСОВИЧ	Маңғыстау ауд.	Ғимараттарды жөндеу және кешенді қызмет көрсету жөніндегі жұмысшысы
147	ЧАДЫҚУЛОВ ЕРЛАН НАУАЕВИЧ	Маңғыстау ауд.	Мұнай тазалаушысы
148	ШЕГЕБАЕВ БАТЫРБЕК БЕРДИГАЛИЕВИЧ	Маңғыстау ауд.	Мұнай және газ өндіру операторы
149	ШУКИРБАЕВ ТАЛҒАТ АЛТЫНБЕКОВИЧ	Маңғыстау ауд.	Жүк тиеушісі
150	АГАДИЛОВ ҚАНАТ ЖОЛАМАНОВИЧ	Қоғамның тізімі	Мұнай және газ өндіру операторы
151	АЗАМАТҰЛЫ АЙТБЕРГЕН	Қоғамның тізімі	Деактивтендіруші
152	АЙМУХАНОВ ЖЕНИС АБАЕВИЧ	Қоғамның тізімі	Деактивтендіруші
153	АКНИЯЗ ҚАЗИ БАУЫРЖАНҰЛЫ	Қоғамның тізімі	Қабат қысымын ұстау операторы
154	АҚЖІГТ ЕЛДОС ЕРҒАЛИУЛЫ	Қоғамның тізімі	Деактивтендіруші
155	АЛДОНҒАР АЙТЖАН ТЕЛЕКБАЙУЛЫ	Қоғамның тізімі	Мұнай тазалаушысы
156	АЛПАМИСОВ БОЛАТ АСАНҰЛЫ	Қоғамның тізімі	Стропалшысы
157	АСАБАЕВ НҰРСҰ		

Еңбек адамы**САЛМАҚТЫ ДА ЖАУАПТЫ МІНДЕТ**

Балғабаев Қалдыбай «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы АСАҚ ұжымында слесарь болып жұмыс істейді. Өндірістің іркілсіз жүріп, өнімді болуы осы кенорнындағы слесарьларға да тікелей қатысты. «Еңбек адамы» айдарының кезекті кейіпкері – саланың салмақты да жауапты жұмысын абыроймен атқарып жүрген азамат. Өндіріспен бірге өрілген өмірі жайында аз-кем тілдесіп, әңгімесін тыңдадық.



Қалдыбай Балғабаев 1960 жылы 5 шілдеде Маңғыстау облысы Ақшұқыр селосында туған. Сол ауылда орта білім алып, кейіннен Орынбор қаласында екі жыл Отан алдындағы борышын өтеді. Әскерден соң елге оралып, ауылшаруашылығы саласында жүргізуші болып еңбекке араласты.

Қалдыбай ағаның ата-анасы да ауылшаруашылығына өмірін арнаған жандар. Әкесі бұл күнде дүние салған, шешесі 92 жасқа келіп, қара шаңырақтың көзіндей болып отыр.

Ауыл шаруашылығындағы еңбек жолын Қалдыбай аға 1984 жылы Түпқараған ауданы Қызылөзен селосында жалғастырды. Осы өлкеде 22 жыл табан аудармай жұмыс істеп, 2006 жылы

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өрт сөндірушілер тобының жүргізушісі болып орналасады.

Әрқилы себеппен 2015 жылы мекемелер бөлінген тұста мамыр айынан бастап үлкен ұжым мұнай және газ өндіру цехына қарасты алдын-ала су айыру қондырғысында абыройлы қызметін жалғастырып келеді.

– Әр мамандық иесі өз жұмысын шынайы ынта-ықыласпен істеуі керек деп ойлаймын. Сонда ғана өндіріс өнімді, еңбек нәтижелі болады. Өз кәсібін өзіне ұнайды. Жұмыстың жай-күйі қазір мүлде өзгерген. Үлкен-үлкен қондырғылар, құрал-жабдықтар бар. Бұл жұмыстың орындалу сапасына айтарлықтай әсер етеді. Жұмыс алдында жоспарлы жиын өтіп, қай жерде қандай кемшілік бар, нені жөндеу керек, сол мәселелердің бәрі пысықталады. Ұжымымызда 42 адам екі ауысымда үздіксіз еңбек етеді. Бәрі де өз ісінің шеберлері. Ең бастысы ауызбірлікпен, ұйымшылдықпен жұмыстарын атқарып келеді, - деп еңбек ұжымының еселі істерін баяндады.

Жұбайы Гүлжан Аяғановамен бірге екі ұл, бір қыз тәрбиелеп отырған бақытты шаңырақ иесі. Адалдықты ту етіп, ала жіпті аттамай еңбек етуді өмірлік ұстаным еткен әке ұл-қыздарының бойына осы қасиетті құйып келеді. Бүгінде үлкен ұлы көлік жүргізсе, кішісі ішкі істер саласында қызмет істейді. Ал қызы білім жолында елеулі жетістікке жетіп жүр.

Ұлын ұяға, қызды қияға қондырған оның осы балаларынан сегіз немере, екі жиен сүйіп отырған жайы бар. Өмірін өндіріспен өрген Қалдыбай аға ұзақ жылғы еңбегінің жемісін көріп, келесі жылы Алла амандық берсе зейнетке шығады. Еңбек иесінің жұмысының жемісті, өмірінің келісті болуына біз де тілекшіміз.

БІЛІКТІ МАМАН - БАЛСҰЛУ

Өндірісте ер-азаматтармен қатар иық түйістіре қызмет істеп, білгенін үйретуден жалықпайтын білікті оператор Балсұлу Балмұханованың өндіріске өмірін арнағанына 41 жыл толады. Мұнайлы мекеннің қалыптасуы мен қарыштап дамуына осындай еңбек адамдарының қосқан қомақты үлесі айтпаса да түсінікті жайт. Өйткені ширек ғасырға жуық табандылықпен, жанкештілікпен еңбек етіп, қайсар жандардың қолымен жасаған игілікті бүгінгі бақуатты ұрпақ ұлықтауы тиіс.

– Үйдегі төрт қыз да осы өндіріс-теміз. 3 инженер, 1 оператор. Анам да «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында ұзақ жыл жасап зейнеткерлікке шықты, - дейді Балсұлу.

Балсұлу Еділбайқызы 1963 жылы 20-желтоқсанда Жетібай ауылында туған. «Жетібаймұнайгаз» ӨБ мұнай және газ өндіру цехында оператор болып еңбек жолын бастаған ол бүгінде тәлімі мен тәжірибесі толықан, ауысым инженері қызметін абыроймен жалғастырып келеді.

– Тәулігіне №1 цех 7 мың тоннадан аса мұнай өндіреді. Жылдың басынан бері Жетібай кенорны 2 295 524 тонна мұнай өндірді. Ұжымдағы жұмысшылардың төккен тері мен адал еңбегінің арқасында межелеген жоспар орындалып, цех жұмысы алға жылжып отыр, - дейді кейіпкеріміз.

1991 жылы Алматы политехникалық институтын тау кен инженері мамандығы бойынша тәмамдаған оның өз ісінің нағыз маманы екені көрініп-ақ тұр. Жұмыс барысында жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін баяндай жөнелді.

– Цехта 402 ұңғыма бар. Соның 384 ұңғысы терең сорапты, тербелмелі, оның 18-і жер асты қысымының күшімен жасайды. Хонивел программасы арқылы барлық ақпараттар жүйеге автоматты түрде тіркеліп отырады. Және де қысым жоғарылаған кезде сораптарды өздігінен тоқтатын электрондық монометрлер орнатылып, топтық қондырғыларға массомерлер қойылды. Крон қондырғысының көмегімен спутниктік онлайн форматта ұңғылардың беріп тұрған өнімін, суын, газын есептеп көрсетуге мүмкіндіктуды, - дейді білікті маман.

«Жұмыстағы кезек күттірмейтін қалың қарбалас «мен әйелмін» деген нәзік жаратылысыңа қарап жатқан жоқ. Цехтың тікеңнен тік тұрып қызмет ететін 12 сағаттық тіршілігіне лап қоясың. Жалқаулықты жақтырмайтын кәсіптің қиындығы мен қызығын қатар көріп жүрміз. Өндіріс өмірі бізді біраз нәрсеге үйретті ғой» дейтін жанның әрқашан абырой арқалап, аман жүруін тілейміз.

ЖАННАТ Нұрғали

СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІКТІҢ СЕРПІНДІ ЖОЛЫ



«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС 40 жылдан астам уақыт мұнайшыларды Жетібай және Қаламқас кенорындарына тасымалдауды қамтамасыз етіп, сенімді және тұрақты серіктес ретінде танылып қана қоймай, қызмет көрсетуді жетілдіру мен дамыту жолында биік белестерді бағындырды.

Бүгінгі таңда «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС қызмет көрсеткіштерін үнемі жақсартатын, тапсырыс берушілердің қажеттіліктерін толықтай қамтамасыз ететін қазіргі заманға сай жабдықталған, кәсіби дайындығы бар өңірдегі көлік қызметтерін көрсететін ұйымдардың алдыңғы қатарынан ойып тұрып орын алады.

Кез келген компания үшін өндірісті жұмыс көлемімен қамтамасыз ету негізгі қажеттіліктер қатарында. 2015-2016 жылдары нарықта оңтайландыру және үнемдеу үрдістері басымдық танытып, көптеген тапсырыс берушілер біздің қызметтерімізден бас тартты, бізде шағын және ыңғайлы автобустар болмауы себепті қалалық тасымалдау қызметтері бөгде жеке компаниялардың пайдасына берілді. Дегенмен де кейінгі жылдары, әсіресе соңғы 2-3 жылда ОТК алыс қашықтықтарға тасымалдауды ұлғайту есебінен жұмыс көлемін едәуір арттырды. Атап айтқанда, Опорный, Боранкөл және Қаражанбас кенорындарына жолаушыларды тасымалдау қызметіне тапсырыс беріліп, «ҚазМұнайТеңіз» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Великая Стена» ЖШС сияқты жаңа Тапсырыс берушілер пайда болды. Сондай-ақ, бұрынғы тапсырыс берушілердің өз қызметкерлерін Бейнеу кентінен автобуспен тасымалдауы, сонымен қатар бұрынғы қолданыстағы маршруттардың ұзақтығы ұлғайтылып, Шетпе, Жетібай, Жаңаөзен елді мекендерін айнала жүріп, көлік қызметін көрсетуі тасымал көлемін ұлғайтты.

Тапсырыс берушілерге уақытылы және сапалы қызмет көрсету үшін автопарк жарамды және замануи техникамен қамтамасыз етілуі тиіс. ОТК автобустарының техникалық жағдайын тексеру мақсатында жүргізілген талдаудың нәтижесі үлкен автобустар арасында Hyundai Universe маркалы және шағын автобустар арасында Toyota Coaster автобустары мұнайшыларды кенорындарға қауіпсіз және ыңғайлы тасымалдауда сапалы қызмет етуге толықтай кепілдік беретінін дәлелдеді.

Сондықтан соңғы екі жылда автопарк жаңартылып, Hyundai Universe маркалы 12 автобус және Toyota Coaster маркалы 10 автобус (барлығы – 22 бірлік) сатып алынды. Келесі жылы тағы 7 бірлік Hyundai Universe, 4 бірлік Toyota Coaster, сондай-ақ жұмысшыларды жолсыз жерлердегі шағын кенорындарға тасымалдауға арналған 1 КамАЗ (вахтовка) автобустарын сатып алу жоспарлануда. Қазіргі таңда Серіктестіктің автобус паркі 123 техниканы құрайды, оның ішінде 110 бірлік автобус бар.

Ұзақ қашықтыққа тасымалдау қызметі көлемінің ұлғаюына байланысты автобустардың жүріс көрсеткіштері артты. Кейбір автобустардың жүрісі күніне 500 км, жылына



180-200 мың км құрайды. Осыған байланысты 2021 жылдан бастап автобустарға техникалық қызмет көрсету бекеттерінің саны ұлғайтылып, өндірістік-жөндеу цехында қызмет көрсететін персоналының да саны ұлғайды.

Мекемеде жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі барлық талаптарға сәйкес ұйымдастырылған. Атап айтсақ, мерзімді техникалық байқаулар, күнделікті желіге шығар алдындағы тексерулер, техниканы GPS арқылы бақылау сияқты іс шаралармен қатар, автобустардың ішкі салонын бақылауға арналған бейнекамералар орнатылған. Сонымен қатар, №1 және 2 техникалық қызмет көрсету кестесінің уақытылы орындалуын өндірістік-техникалық бөлім, техникалық қадағалау қызметі, қозғалыс қауіпсіздігі қызметі ұдайы түрде қадағалап отырады. Техникалық қызмет көрсетуден уақытылы өтпеген және техникалық жай-күйіне немесе жолда техника жағдайының нашарлап кетуі сияқты күдік туғызатын автобустар желіге шығарылмайды.

Қызметкерлерді ауысым алды медициналық тексеруден өткізуге арналған медицина бекеті осы жылдың басынан бастап күн сайын 11 сағаттық режимде жұмыс жасауда. Медицина бекеті заңнамамен реттелген ауысым алды ғана емес, сонымен қатар ауысымнан кейінгі міндетті медициналық тексеруді де қамтамасыз етеді.

Серіктестікте 7 жылдан астам уақыт бойы автокөліктің желідегі/маршруттардағы жұмысын бақылау, жол қозғалыс ережелерінің бұзылуын анықтау, көлік жүрісін есепке алу, жанар-жағар май шығынын бақылауға арналған GPS мониторингі жүйесі жұмыс жасайды. Жүйе шығындарды барынша азайтуға, есепке алуды жүйелеуге, автокөлік жұмысын тұрақты бақылауға алуды қамтамасыз етуге, жол-

қозғалыс ережелері талаптарын бұзу фактілерін анықтауға мүмкіндік береді.

Бақылау жүйелерінің үнемі қолданыста болуымен қатар, компанияда қозғалыс қауіпсіздігі қызметі, құрамында 2 қозғалыс қауіпсіздігі инженерімен жұмыс жасайды. Бұл қызмет автобус маршруттарын қадағалау үшін жеке жеңіл автокөлігімен жабдықталған. Қауіпсіздік қызметі жүргізушілерге қажетті барлық нұсқаулық түрлерін, қозғалыс қауіпсіздігі мәселелері бойынша білімдерін тексеруді, жол қозғалысы ережелері бойынша техникалық минимумдарды жүргізеді.

Жүргізушілеріміздің мол тәжірибесі мен көп жылғы жұмыс өтілдеріне қарамастан (орташа жасы – 48 жас, орташа жұмыс өтілі – 20 жыл), алған білімдері мен дағдыларын әрқашан бекіту және оларды үнемі оқыту мекеменің негізгі міндетіне кіреді. Осы жылы барлық жүргізушілерді "қауіпсіз жүргізу" тақырыбы бойынша оқытып, оларға халықаралық дәрежедегі сертификат табысталды. Оқуды жазатайым оқиғалардың алдын алу жөніндегі корольдік қоғам (RoSPA – Ұлыбритания) аккредиттеген "RIST" компаниясы жүргізді. Көлікті қауіпсіз жүргізу бойынша курс жүргізушілер үшін өте өзекті және қызықты, қазіргі заман талабына сай өткізілді. Жүргізушілер оқуға аса қызығушылықпен белсенді түрде қатысып, теорияны практикамен ұштастырып, автобус паркі жұмысының ерекшеліктерін ескере отырып, көлікті қауіпсіз жүргізу деңгейін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік алды.

Мұндай оқулар жүргізушілерге, ең алдымен жолаушыларды тасымалдау барысында көлікті апатсыз жүргізуде маңызды роль атқаратынын ескере отырып, ОТК қысқы мерзімде көлікті қауіпсіз жүргізу бойынша қосымша оқу жүргізуді және өткен курстарды жүйелеуді жоспарлап отыр.

Қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі талаптардың орындалуын бақылау мақсатында, сондай-ақ жол көлік оқиғаларын және т.б жағдайларды тіркеу үшін осы жылы автобустардың жартысына бейнетіркегіштер орнатылды, ал келесі жылы бүкіл автопаркте осы құрылғымен қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы ережелерінің және «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ регламентінің талаптарын орындау мақсатында биыл автобустарға арналған қысқы дөңгелектер сатып алынды. Қысқы уақытқа ауысуға байланысты қараша айында автобустардың дөңгелектерін ауыстыру жоспарлануда. Біздің компания қыс мезгілінде көлікті арнайы дөңгелектермен қамтамасыз ететін Маңғыстау өңіріндегі жалғыз көлік компаниясы.

Жаңа Тапсырыс берушілерді тарту есебінен кіріс көлемін арттыру, рентабельді көлікті ұлғайту арқылы шығынды техника түрлерін азайта отырып, автобус паркін оңтайландыру, автокөлік паркін пайдалану коэффициентін ұлғайту үшін көлікті диспетчерлеуді енгізу және тағы да басқа көптеген тиімді процесстерді қолдану компанияның аса маңызды және жедел жоспарлары қатарында тұр.

Міне, 40 жылдан асатын тарихы бар біздің мекемеміздің тыныс тіршілігі осындай. «Адал еңбек – бәрімізге ортақ міндет» қағидасын мықтап ұстанатын әр жұмысшы компаниямыздың дамуына өз үлесін қосып, еліміздің өркендеген көлік ұйымдары қатарына қосылуына даңғыл жол ашпақ.

«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС

ТҰМАУДАН ҚАЛАЙ САҚТАНУ КЕРЕК?

ЖРВИ (жедел респираторлы вирусты инфекция) кезінде не болады?

ЖРВИ дегеніміз - тыныс алу жолдарының зақымдануымен жүретін полиэтиологиялық аурулар тобы. Осы инфекциялар тобына барлық инфекциялардың 20% жатады. Таралу жолы - аэрогенді. Берілу жолдары: ауа-шаң (қоздырғыштың сыртқы орта факторларына жоғары төзімділігі)

ауа-тамшы (қоздырғыштың сыртқы орта факторларының әсеріне әлсіз тұрақтылығы). Қоздырғыштың орналасуы:

- ауыз қуысы
- жұтқыншақта
- тыныс алу жолдары
- қоздырғыштың таралуы - жөтелу, түшкіру, әңгімелесу кезінде.

Бұл аурулар пандемия немесе эпидемия түрінде өтеді. 1961 жылы ДСҰ-ның ұсынысы бойынша ЖРА-дың этиологиялық факторына негізделген жіктелу тағайындалды.

- вирусты
- бактериалды
- физико-химиялық
- Вирусты түрі 1-орында.
- ЖРВИ тобына кіреді:
- грипп
- парагрипп

- аденовирусты инфекция
- риновирусты инфекция
- RS - немесе респираторлы-синтициальді инфекция және т.б.

- реовирусты инфекция
- микоплазмалық инфекция және т.б.

Грипп, парагрипп, аденовирусты инфекциялары тыныс алу жолдарының эпителиіне троптылық қасиеті жоғары вирустарға жатады (жасуша ішілік паразит)

Тұмау кезінде тамақтың ауруы, жөтел, кейде конъюнктивит - көз зақымдану белгілері болуы мүмкін. ЖРВИ немен қауіпті? Дер кезінде дұрыс емделмесе асқынулар болуы мүмкін.

Диагностика және емдеу: Науқас тұмаумен ауырса міндетті түрде төсекте жатуға тиіс, барынша жылы сұйықты көбірек ішу қажет, дене қызуы жоғары болса, қызу түсіретін дәрі-дәрмектер, жөтелге қарсы препараттар қолданған жөн. ЖРВИ кезінде тыныс алу гимнастикасы мен дәрумендер терапиясы жақсы әсер етеді. ЖРВИ кезінде антибиотиктер тиімді емес, тек асқынуда ғана тағайындалады.

ЖРВИ мен тұмаудың алдын алудың 3 түрі бар:

- екпелік алдын алу.
- дәрілермен алдын алу. (вирусқа қарсы дәрілер)

- жеке және қоғамдық жерлерде гигиена ережесін қадағалау.

Екпелік алдын алу - тұмауды бақылаудың басты амалы. Екпе кез келген тұмау эпидемиясы кезінде ең сенімді қорғаныш.

Маусымдық тұмауға қарсы жыл сайын екпе барлық жастағы топтарды ауру мен өлім-жітімді барынша азайтады.

ДСҰ жыл сайын қатерлі топтарға тұмауға қарсы егуді ұсынды: 65 жастан жоғары (созылмалы патология болған жағдайда кез келген жаста) 6 айдан бастап, 15 жасқа дейінгі балалар, медицина қызметкерлері және басқа көптеген өндірістік байланыстағы адамдар. Қауіп қатердің ерекше тобы жүкті әйелдер 2-ші, 3-ші триместрдегі жүктілік. Тұмауға қарсы вакцина қауіпсіз. Екпе жасау егде адамдар мен қатерлі топтар арасында ауруларды емдеуге жатқызу және өлім-жітім болу қаупін азайтады.

Өзіңіз ауырып қалмас үшін не істеу керек?

Біріншіден: науқас адамдармен байланыста алшақ болу, науқасқа 1 метрден астам қашықтықта жақындамау.

- бетперде кию.
- бір реттік қол орнамал қолдану, жөтелгенде, түшкіргенде мұрын, ауыз қуысын жабу.
- адам көп жиналған жерлерге бармау



- бөлмені жиі желдету.
- кір, лас қолмен көз, мұрын, ауызды ұстамау
- салауатты өмір салтын ұстану.
- Екіншісі: егер сіз ауырсаңыз, дәрігерді үйге шақыру, 7 күн бойы үйде болу.
- Төсек тартып жату режимін сақтау.
- Сұйық сусындар ішу қызу, қызу басатын тұнбалар ішу.

Үшіншіден: отбасы бір мүшесі ауырса басқа бөлмеге оқшаулау, дәке бетперде қолдану. Дезинфекция зарарсыздандыру шараларын жасау. Бөлек ыдыс аяқ бөлу. Бетпердені ауыстырып отыру. Пияз, сарымсақ пайдалану. Жайық, қарағай вирусун жойғыш ингаляциялар, лимон, итмұрын, мүкжидек, итбүлдірген, шырғанақ дәрумендер көзі. С витамині - пайдалы, морс, шай тұнбалары.

Деніңіз сау болсын!

**Отаргулова Г.У.,
цех дәрігері терапевт
Нейрон Мед емханасы филиалы**

Ерекше жан

АРМАНЫ АСҚАҚ АДАЙХАН

Бала күнінен спортты өміріне серік еткендер қатарында Адайхан Жұмамұрат та бар. 2018 жылы Маңғыстау облыстық балалар мен жасөспірімдер арасында 62 кг салмақ дәрежесінде қоян-қолтық күресінен (по рукопашному бою) чемпион атанған талантты өреннің спорттағы жарқын сәттері осылай басталған еді. 23 наурызда Ақтау қаласында өткізілген әмбебап жекпе-жектер ерлер мен әйелдер және жастар арасында Қазақстан Республикасының чемпионатында жеңімпаз атанды. Небәрі 16 жасында спорт шеберіне үміткер куәлігін алған Адайханның ендігі арманы «Олимп шыңын бағындыру» дейді ата-анасы.



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қарасты Көлік департаментінде жүргізуші болып істейтін әкесі Жұмамұрат Мырзабеков ұлының спорттағы жетістіктеріне әрқашан қолдау білдіріп келеді. Адайхан қазіргі таңда математика бойынша тереңдетілген гимназияда оқиды. Ұстаздарының үмітін арқалаған талапты жас әркез алғыс арқалап жүр.

«Дұрыс жолға қойылған дене шынықтыру ойындары оқу-білім алуға бөгет емес, қайта бойды сергітіп, ойына жәрдем ететін нәрсе» дейді Ғабит Мүсірепов. Айтса айтқандай, талантты спортшы бүгінде білікті бапкер Эльвин Агаевтың жетекшілігімен жаттығады.

«Мен сәт сайын өзімді дамытуға күш саламын. Яғни, биік шыңдарды бағындыру үшін табандылық қажет. Талаптанып, үйренгеннен бөлек, жеңіске деген ұмтылыс, ерік-жігер аса маңызды. Осы



орайда ұстазым Эльвин Агаевқа айтар алғысым шексіз» дейді арманы асқақ Адайхан.

Талантты жас тайбокс спорт түрімен қатар, еркін жекпе жек, муайтай, қоян қолтық күрес сияқты спорт түрлерін жетік меңгеріп келеді. 2018 жылы «Спорт – терроризм мен нашақорлыққа қарсы» атты муай-тайдан Маңғыстау облысы чемпионатында жеңіске жетсе, араға жыл

салып 1 маусым – халықаралық балаларды қорғау күніне арналған республикалық турнирде балалар мен жасөспірімдер арасында 48 кг салмақ дәрежесінде Ушу-санда чемпионы атанды. Маңғыстау облыстық жасөспі-

рімдер арасындағы «Атамеке» кубогінің турнирінде 56 келі салмақ дәрежесінде кубок иегері, сонымен қатар Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орай, муай-тайдан өткен халықаралық байрақты бәсекеде топ жарды. Осы жылы Ташкентте өткен халықаралық турнирдің күміс жүлдесін қанжығасына байлады.

Алты жасында әкесінің қолдауы-мен спорт залына қадам басқан Адайханның аз жылдар ішінде жеткен жетістігін айтып тауысу мүмкін емес. Ендеше, үлкен спорттағы үлкен жеңістердің баспалдағы бүгіннен басталады. Болашақ олимпиада мен әлем чемпиондары да қазір сіз бен біздің арамызда жүр. Ендеше, біраз жылдан соң Адайханның да олимп тұғырында тұруы бек мүмкін...

ЖАННАТ Нұрғали



НАШИ В КАТАРЕ

На чемпионат мира по футболу в Катар, мы поехали втроем: я, мой брат Бақыт и коллега Тимур Талипов. Благодаря моему брату мы спланировали наш путь так чтобы увидеть и посетить сразу три страны и соответственно три столицы: наш путь в Доху (Катар) пролегал через Баку (Азербайджан), Абу-Даби и Дубай (ОАЭ).



Что касается непосредственно футбола, то это просто не передать словами, это была атмосфера настоящего праздника и фейерверка эмоций. Мы стали свидетелями матчей: Нидерланды - Сенегал, Аргентина - Саудовская Аравия, Франция - Австралия, Германия - Япония и Бельгия - Канада. Представляете, что творилось на стадионе когда один из главных фаворитов турнира - Аргентина в первом же матче проиграла Саудовской Аравии!!!! Как бы то ни было, мне повезло своими глазами увидеть игру величайшего игрока современности - Лионеля Месси. А, какую сенсацию сотворили японцы когда обыграли Германию!!! За это мы и любим футбол! И, конечно же, осталась в памяти игра суперзвезды сборной Франции - Килиана Мбаппе.

Из восьми великолепных стадионов чемпионата мира мы побывали на пяти, все спортивные сооружения выдающиеся и просто поражают воображение.

Теперь в планах посещение Евро-2024 в Германии, а для этого в первую очередь нужно быть здоровым, работать не покладая рук, верить в Аллаха и все будет хорошо.

Ислам Косбаев,
зам.начальника ОГЭ ПУ «Каламкасмұнайгаз»

Мне удалось побывать на матче 1/8 финала Португалия - Швейцария. В Катар я летел через Дубай.

Что касается игры, то вы, наверное, все сами видели: семь голов, хет-трик Гонсалу Рамуша и великий Криштиану Роналду на скамейке запасных. Кстати Гонсалу играл вместо Роналду и сразу три гола забил, у Криштиану растет достойная смена! Игра была яркой с обилием забитых голов и опасных моментов. За 20 минут до конца матча на поле вышел именитый Криштиану Роналду.



Болельщики на стадионе отпраздновали выход лучшего бомбардира в истории сборной Португалии даже громче, чем забитые мячи.

В общем, весь спектр эмоций. Несмотря на короткое пребывание в Катаре, я навсегда запомню эту прекрасную страну, фантастические стадионы, игру сборной Португалии и выход на поле одного из лучших игроков современности - Криштиану Роналду!

Даурен Картбаев
старший инженер МТС
отдела контрактов по закупке услуг ДЗИМТС



Мұнайлы Өлке

Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: - Ф.Әбдісадық
- Ж.Кемал.

Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел:
212-035, 215-266
211-885, 212-194Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратыладыГазет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
куәлігі берілген

- ▶ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- ▶ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- ▶ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265«ADVER» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы,
3-Б ш/а, 55/1 ғим.
тел: 8(7292)507000